

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда): Әубәкір Арман Серікұлы
3. Заңды мекен жайы, байланыс телефоны: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 181 үй, 20 пәтер; Фактич.адрес: Алматы қаласы, Алғабас-6, 1/179, 48
4. Грантты (бағыты) жүзеге асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:
Грант бағыты: Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау
Грант тақырыбы: «Жастар бастамаларын қолдау бойынша әлеуметтік қызмет (Қазақстан жастарын әлеуметтендіру және дамыту бойынша жалпыұлттық жобаның II кезеңі)»
5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру кезеңі (басталуы жылы мен айы/аяқталуы жылы мен айы көрсетілуімен): Қыркүйек, 2018 жыл – қараша, 2018 жыл
6. Грантты жүзеге асыруға бөлінген қаржының жалпы сомасы: 16 562 000 теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

1. Сандық көрсеткіштерді келтірумен әлеуметтік жобаларды, әлеуметтік бағдарламалардың барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың орындалу толықтығы):

| № | Мероприятие проекта | Дата | Место | Форма мероприятия | Количество участников | Полнота выполнения запланированных мероприятий |
|---|---|------------------|--|-------------------|-----------------------|--|
| 1 | Ақжайық ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 1 қазан 2018 жыл | БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев елді мекені | Оқыту | 45 | Толығымен орындалды |
| 2 | Жаңақала ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 1 қазан 2018 жыл | БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала елді мекені | Оқыту | 21 | Толығымен орындалды |
| 3 | Бөкейорда ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 2 қазан 2018 жыл | БҚО, Бөкейорда ауданы, Сайхын елді мекені | Оқыту | 30 | Толығымен орындалды |
| 4 | Жәнібек ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 2 қазан 2018 жыл | БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек елді мекені | Оқыту | 19 | Толығымен орындалды |
| 5 | Казталовка ауданында «Jas.Qz» жобасы | 3 қазан 2018 жыл | БҚО, Казталовк | Оқыту | 37 | Толығымен |

| | | | | | | |
|----|---|------------------|--|-------|----|---------------------|
| | бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | | а ауданы, Казталовк а елді мекені | | | орындалды |
| 6 | Сырым ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 4 қазан 2018 жыл | БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты елді мекені | Оқыту | 28 | Толығымен орындалды |
| 7 | Қаратөбе ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 4 қазан 2018 жыл | БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе елді мекені | Оқыту | 26 | Толығымен орындалды |
| 8 | Шыңғырлау ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 5 қазан 2018 жыл | БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау елді мекені | Оқыту | 20 | Толығымен орындалды |
| 9 | Бөрлі ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 5 қазан 2018 жыл | БҚО, Бөрлі ауданы, елді Ақсай қаласы | Оқыту | 52 | Толығымен орындалды |
| 10 | Тасқала ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) | 6 қазан 2018 жыл | БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала елді мекені | Оқыту | 46 | Толығымен орындалды |

| | | | | | | |
|----|---|---------------------------|---|-----------------|------|---------------------|
| | ұйымдастырылды | | | | | |
| 11 | Теректі ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 8 қазан 2018 жыл | БҚО, Теректі ауданы, Федоровка елді мекені | Оқыту | 22 | Толығымен орындалды |
| 12 | Зеленов ауданында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту(семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 8 қазан 2018 жыл | БҚО, Зеленов ауданы, Переметное елді мекені | Оқыту | 32 | Толығымен орындалды |
| 13 | Орал қаласында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту (студенттер үшін семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 10 қазан 2018 жыл | БҚО, Орал қаласы | Оқыту | 33 | Толығымен орындалды |
| 14 | Орал қаласында «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде оқыту (мұғалімдер үшін семинар-тренинг) ұйымдастырылды | 10 қазан 2018 жыл | БҚО, Орал қаласы | Оқыту | 52 | Толығымен орындалды |
| 15 | 5 бағыт бойынша «Менің таңдауым» іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу. Сонымен қатар, жастар арасында салт-дәстүрден білімі бойынша байқау ұйымдастыру. | Қыркүйек-қараша, 2018 жыл | Батыс Қазақстан облысы | Байқау | 6258 | Толығымен орындалды |
| 16 | «Jas.Qz» жобасы қатысушыларының қатысуымен | 21 қараша, 2018 | Орал қаласы, Х.Бөкеева | Салтанатты шара | 200 | Толығымен орындалды |

| | | | | | | |
|----|--|--------------------|--|-----------|----|---------------------|
| | салтанатты рәсім өткізу | | атындағы облқзақ театры | | | |
| 17 | Белсенді жастармен табиғат аясына рухани серуен өткізу және серуен аясында түрлі ұлттық ойындар бойынша жастар арасында сайыс өткізу | 19-20 қараша, 2018 | БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы. Орал қаласы, «Атамекен» және «Саят» орталығы | Экскурсия | 97 | Толығымен орындалды |

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның алынған нәтижелері:

Жобаның негізгі мақсаты - Батыс Қазақстан облысында жастардың рухани, әлеуметтік, зияткерлік, физикалық және тұлғалық дамуына жағдай жасау. Аталған ұйым жоба аясында көзделген мақсатқа толығымен қол жеткізді. Оны келесі жоба бойынша негізгі нәтижелерден байқауға болады.

Жобаның негізгі нәтижелері:

- Батыс Қазақстан облысында Жастарды әлеуметтендіру және дамыту мақсатында әлеуметтік қызмет ұйымдастырылып, екі ай бойы жұмыс жасады.

- «Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде 14 оқыту ұйымдастырылды.

- Жобаны басталғаны, жүзеге асырылуы туралы ақпараттандыру жұмыстары облыстық Ақжайық телеарнасы мен, облыстық ТДК-42 телеарнасында хабар ұйымдастыру, облыс және аудандық БАҚ бетінде мақала, әлеуметтік желі беттерінде жариялау арқылы жүрді.

- Батыс Қазақстан облысының мектеп оқушылары арасында «Менің таңдауым» іс-шаралары ұйымдастырылып, жүзеге асты.

- Әлеуметтік қызметтерге өңірлік мониторинг жүргізілді.

- «Jas.Qz» жобасы қатысушыларының қатысуымен салтанатты рәсім өткізілді.

2) Мақсатқа жетуі (деректерді сипаттау және мақсат жетістіктері туралы аргументтерді көрсету):

«Жастар бастамаларын қолдау бойынша әлеуметтік қызмет жобасы»-на Батыс Қазақстан облысының жоғары сынып оқушылары мен студенттеріне олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға және қоғамдық белсенділігін арттыруға, бір сөзбен айтқанда әлеуметтенуіне тың мүмкіндік сыйлады. Сөйтіп, жастардың рухани, әлеуметтік, зияткерлік, физикалық және жеке дамуына кезекті бір серпіліс берді. Аталған мүмкіндік облыс аумағындағы барша мектеп пен студенттерге ұсынылды. Тек үздіктер қатарынан көрінген 100 шақты оқушы мен студент қана емес, жобаға әртүрлі деңгей мен дәрежеде тартылған, ат салысқан барша қатысушы олжалы болды деп білемін. Себебі, мысалы «Менің таңдауым» байқауына қатысып, бағын сынап көрген жас өрен бойындағы белгілі бір қасиет-қабылетін бір белеске көтеріп тастады: байқаудың өзі таңдаған бағыты бойынша дайындалу барысында спортшы жас өзінің спорттық көрсеткіштерін әлдеқайда жақсартады; жас өнерпаз өзінің орындаушылық шеберлігін белгілі бер дәрежеге арттырады; байқауға қатысу өзі сықылды талапкер дарынды жастармен араласу, танысу, достасу мүмкіндігін сыйлады. Сондықтан, жоба өз мақсатына жетті.

3) **Жоспарланған нәтижелерге сәйкес қол жеткізген нәтижелер; жоспардан ауытқу негіздері; егерде ондай жағдайлар болған кезде:**

Жобаның жалпы индикаторлары бойынша жоспардан ауытқу болған жоқ.

4) **Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталған және/немесе жүзеге асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жоба аяқталғанға дейінгі және аяқталған сәттегі жағдайды салыстыру, жоба шеңберінде мәселелер мен міндеттерді шешу деңгейі):**

Ақжайық ауданының Бітік мектеп-бөбекжай кешені КММ «Руханият» еріктілер тобының жетекшісі Сарсенғазиева Гүлайназ жоба басталғанға дейін өз ауылында, әрі кеткенде ауылында ғана танымал жоғары сынып оқушысы еді. Тобындағы еріктілермен бірге мектеп оқушыларын кітап оқуға тартумен сипатталатын бірнеше жыл бойы жалғасып келе жатқан бастамасы Гүлайназға «Үздік ерікті» аталымы бойынша әуелі өз мектебінің, содан соң ауданның, қортындысында облыстың үздігі атануына қол жеткізді. Қазір Сарсенғазиева Гүлайназ - облысымыздың көптеген тұрғындарына, әсіресе оқушылар арасында айтарлықтай танымал есім. Адамзаттың көптеген құндылықтарын бойына жинаған кітаптарға қазіргі заманауи техника дамыған дәуірде назардың кеміп кетуіне бейжай қарамай, кітап оқуы үндеуі – құптарлық іс. Қазір Сарсенғазиева Гүлайназды аудан, облыс әкімшілігінің марапаттарына ұсыну мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл өз кезегінде Гүлайназдың қоғамдық мәртебесі артуына әкеледі. Осылайша, Гүлайназдың ақысыз негізде өз бастамасымен жүзеге асырған қоғамдық пайдалы іс-қызметі замандастарының қызығушылығын туғызып, қолдау табады, үлгі болады, сөйтіп бұл – жобаның қоғамға берген жемісінің бірі.

2. **Әлеуметтік жоба, әлеуметтік бағдарлама қатысушылары қиылысындағы статистикалық ақпарат:**

1) **гендерлік көрсеткіш:**

| Жоба қатысушылар саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|-------------------------------|-------|---------|
| 6258 | 3155 | 3103 |

2) **санаттары бойынша әлеуметтік статусы:**

| Жоба қатысушылар саны барлығы | балалар (оның ішінде мүгедек-балалар) | жастар | Мемлекеттік қызметшілер | Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері | Мүгедектер | Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және жоғары), оның ішінде зейнеткерлер | Қоғамдық ұйымдардың мүшесі | Бизнес құрылымдарының өкілдері | Басқа да санаттар | |
|-------------------------------|---------------------------------------|--------|-------------------------|------------------------------------|------------|---|----------------------------|--------------------------------|-------------------|---|
| 6258 | 5852 | 406 | 100 | 707 | 50 | 100 | 200 | 100 | 50 | 0 |

3) **жас ерекшелігінің көрсеткіші:**

| Жоба қатысушылар саны барлығы | | | | | | | 59 жас және одан жоғары |
|-------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | |
| 6258 | 5852 | 100 | 33 | 20 | 962 | 278 | 100 |

2. Жоба қорытындылары:

1) нақты көрсеткіштер, мақсатты топтардың жобаны іске асыру барысында алған (сандық көрсеткіштерді келтірумен, сапалық қозғалыстарды сипаттаумен):

Батыс Қазақстан облысында Жастарды әлеуметтендіру және дамыту мақсатында әлеуметтік қызмет ұйымдастырылып, екі ай бойы жұмыс жасады. Келесі әкімшілік аумақтарда әлеуметтік қызметтердің жұмысы жүзеге асты:

- 1) Ақжайық ауданы
- 2) Жаңақала ауданы
- 3) Бөкейорда ауданы
- 4) Жәнібек ауданы
- 5) Казталовка ауданы
- 6) Сырым ауданы
- 7) Қаратөбе ауданы
- 8) Шыңғырлау ауданы
- 9) Бөрлі ауданы
- 10) Тасқала ауданы
- 11) Теректі ауданы
- 12) Зеленов ауданы
- 13) Орал қаласы мектептерінде
- 14) Орал қаласы ЖОО-да

Жоба барысында жастарды әлеуметтендіру, байқау ережелері мен шарттары, жобаға қатысты өзге де мәселелер бойынша оқушылар мен олардың ата-аналарына 696 кеңес берілді. Ал, әлеуметтік қызмет аясында қамтылған жалпы халық саны – 6258.

«Jas.Qz» жобасы бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыратын мамандарды жүйелі түрде 14 оқыту ұйымдастырылды. Батыс Қазақстан облысының жоғары сынып оқушылары мен студенттеріне олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға және қоғамдық белсенділігін арттыруға оқытылған және осы білімдерін 1,5 ай бойы практикада қолданған мамандардың дағды-тәжірибелері алдағы уақыттағы тәрбие жұмыстарында пайдаға асары анық. Демек, жоба аясында оқытылған 461 маманның білім-тәжірибесі ұзақ мерзім бойы өз жемісін беріп тұрады.

Жобаны басталғаны, жүзеге асырылуы туралы ақпараттандыру жұмыстары облыстық Ақжайық телеарнасы мен, облыстық ТДК-42 телеарнасында хабар ұйымдастыру, облыс және аудандық БАҚ бетінде мақала, әлеуметтік желі беттерінде жариялау арқылы жүрді. Жалпы алғанда, жоба бойынша 39 ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Бұл жұмыстардың барысында жастарды жобаға белсенді тарту бойынша ғана үгіт-насихат емес, жастардың ата-ана, қоғам, мемлекет алдындағы жауапкершілігі, парызы сынды көптеген тәрбиелік дәріс, кеңестер айтылды.

Батыс Қазақстан облысының мектеп оқушылары арасында «Менің таңдауым» іс-шаралары ұйымдастырылып, жүзеге асты. Байқау барысында жалпы саны алты мыңнан аса оқушылар мен студент жастардың қатарының алды, озығы болуға деген табиғи құлшыныстарын жүзе асыруға мүмкіндік берілді. Аталған мүмкіндік облыс аумағындағы барша мектеп пен студенттерге ұсынылды. Тек үздіктер қатарынан көрінген 100 шақты оқушы мен студент қана емес, жобаға әртүрлі деңгей мен дәрежеде тартылған, ат салысқан барша қатысушы олжалы болды. Себебі, мысалы «Менің таңдауым» байқауына

қатысып, бағын сынап көрген жас өрен бойындағы белгілі бір қасиет-қабілетін бір белеске көтеріп тастады: байқаудың өзі таңдаған бағыты бойынша дайындалу барысында спортшы жас өзінің спорттық көрсеткіштерін әлдеқайда жақсартты, жас өнерпаз өзінің орындаушылық шеберлігін белгілі бер дәрежеге арттырды; байқауға қатысу өзі сықылды талапкер дарынды жастармен араласу, танысу, достасу мүмкіндігін сыйлады.

Әлеуметтік қызметтерге өңірлік мониторинг жүргізілді.

«Jas.Qz» жобасы қатысушыларының қатысуымен салтанатты рәсім өткізілді.

Жоба барысында атқарылған осы іс-шаралар еріктілік қызметті жүзеге асыратын, спортпен және шығармашылықпен жүйелі негізде айналысатын балалар мен жастардың санын арттыруға, NEET деңгейіндегі жастардың санын азайтуға, өз-өзіне қол жұмсау, түрлі қауіпті діни ағымдарға тартылу деңгейін төмендетуге оң ықпалын тигізді.

2) жобаны жүзеге асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақ мерзімді ықпалы (жобамен көзделген қандай болмасын салада болжанған жағымды/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Батыс Қазақстан облысында жастардың рухани, әлеуметтік, зияткерлік, физикалық және тұлғалық дамуына жағдай жасалынды. Жоба барысында атқарылған осы іс-шаралар еріктілік қызметті жүзеге асыратын, спортпен және шығармашылықпен жүйелі негізде айналысатын балалар мен жастардың санын арттыруға, NEET деңгейіндегі жастардың санын азайтуға, өз-өзіне қол жұмсау, түрлі қауіпті діни ағымдарға тартылу деңгейін төмендетуге оң ықпалын тигізді.